

Келісемін:

Директордың оқу-ісі
жөніндегі орынбасары
Каренова А.С
« 09 » 09 2022ж.

Бекітемін:

«Ақмола облысы білім басқармасының
Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі
Макинск қаласының мектеп-лицейі» КММ
директорының м. а. А.Каренова
« 09 » 09 2022ж.



Үйде жеке тегін оқытылатын оқушыға арналған бағдарлама

Пән: оқу, жазу және тіл дамыту

Сынып: 6 «Ә»

Пән мұғалімі: Маханова Замира Абдигалиевна

2022-2023 оқу жылы

**2022-2023 оқу жылына арналған бағдарлама
орташа ақыл-ой кемістігі бар
6-сынып білім алушысына арналған
"Оқу, жазу және тіл дамыту" пәні бағдарламасы**

6-сыныпқа арналған «Оқу, жазу және тіл дамыту» пәнінің бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 352 бұйрығына 153-қосымшасы Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптары үшін " Оқу, жазу және тіл дамыту " пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы негізінде жасалды.

2022-2023 оқу жылында жұмыс оқу жоспарына сәйкес «Оқу, жазу және тіл дамыту» пәні аптасына 1 рет өтіледі.

Оқу пәнінің мақсаты – балаларда қол жетерлік қарым-қатынас құралдарын (тілдік және тілдік емес), жақсы мінез-құлықты, оқудың қарапайым дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

Оқу пәнінің міндеттері:

- 1) көріп қабылдауын және естіп қабылдауын дамыту;
- 2) қимыл-қозғалыс координациясын, ұсақ қол бұлшықеттерін дамыту;
- 3) артикуляциялық моторикасын дамыту;
- 4) сөйлеу тілін түсінуін дамыту;
- 5) балаларда қол жетерлік қарым-қатынас құралдарын қалыптастыру;
- 6) фонематикалық есту қабілетін дамыту.

Оқу пәнінің 6-сыныптағы базалық білім мазмұны

1. Жағымды көңіл-күйді қалыптастыру:

1) табиғаттағы әр түрлі өзгерістер бақылай алуға, ересектердің әрекеттеріне зейін аударуға жағымды көңіл-күйді орнату;

2) балаларды ойын барысында заттардың атауларды, белгілерді, орындалатын әрекеттерді атауға үйрету.

2. Балалардың зейінін, көру және есте сақтау анализаторларын дамыту:

1) объектінің пайда болуына және жоқ болуына зейін аударуға үйрету;

2) әр түрлі музыкалық аспаптар мен ойыншықтардың дыбыстырын ажырата білуге, дыбыстардың бағытталуын анықтауды үйретуді жалғастыру.

3. Қимыл-қозғалыс, ұсақ моторика және қол саусақтарының координациясын дамыту:

1) допты және басқа әртүрлі көлемдегі заттарды алуды (ұстауды, қайта қоюды, тасуды, лақтыруды), оларды алдыға, артқа, жоғарыға, төменге екі (бір) қолымен лақтыруды үйрету;

2) әртүрлі көлемдегі және пішіндегі түймелерді жіпке, сымға тағуды және шешуді үйрету;

3) кішкентай затты үлкен заттың ішінен алуды немесе салуды үйрету;

4) мозаикадан әр түрлі геометриялық фигураларды, әріптерді құрастыруға үйрету.

4. Сөйлеу тілін түсінуді дамыту:

1) күн тәртібіндегі, заттық-практикалық әрекеттердегі қимыл-қозғалыстарды, арнайы жаттығуларды орындау барысында сөйлеу тілін түсінуді дамыту;

2) адамдардың есімімен таныстыру. Белгілі есімді нақты бір адамға қарасты айтуды және түсінуді үйрету;

3) өз есіміне жауап беруді үйрету.

5. Білім алушыларға қолжетімді қарым-қатынас амалдарын қалыптастыру:

1) өзінің көңіл-күй жағдайын, ауру сезімдерін, жағымсыз халін ауырып тұрған жерін көрсетіп, ишара, ым-ишара, былдырлау, демеулік шылау (ай, ой, ух) көмегімен айтуды үйрету;

2) суретте бейнеленген әрекеттерді ишара және дыбыстау арқылы жеткізе білу (қай аспаптан қалай дыбыс шығарылады).

6. Естіп қабылдауы мен есту қабілетін дамыту:

1) әртүрлі дыбыс шығаратын заттарға қатысты балада ізденіс әрекетін ұйымдастыру;

2) өзге бөлмеден келетін, сыныпта, терезеден естілетін дыбыстарды анықтай білуді үйрету.

7. Артикуляциялық моторикасын дамыту:

1) дыбыстарға еліктеу қабілетіне үйрету;

2) ерінге, төменгі жаққа, бет ишарасына арналған арнайы жаттығуларды пайдаланып артикуляциялық моториканы дамыту.

8. Белсенді сөйлеу тілін жетілдіру және дамыту, сөйлеу тілі қарым-қатынасының тәжірибесін және меңгеру тәсілдерін жинақтау:

1) балаларға арналған өлеңдерден жеңіл шумақтарын айтуға үйрету;

2) ойын, сабақ барысында, тұрмыстық жағдайларда сөйлеу тіліне еліктеуді белсендіруді жалғастыру;

3) өзінің есімін, басқа балалардың, отбасы мүшелерінің есімдерін, ойын материалы негізінде лексикалық тақырыптары бойынша заттардың (заттық суреттер) атауын айтуды үйрету.

9. Оқу техникасына және оқығаннан ақпарат алуды үйрету:

1) бала тұрмыста, мектепте қолданылатын заттардың (қасық, кесе, табақ, үстел, орындық, дәптер, қалам), киім, аяқ-киім, ыдыс, жиһаз, жануарлар, басқа да заттардың және қоршаған табиғаттың құбылыстарының (күн, шөп, су, аспан, жел, бөлме, үй) атау-сөздерімен таныстыру;

2) баланың айналасындағы заттардың, құбылыстардың, әрекеттердің, заттар белгісінің (көшедегі, ауладағы, бөлмедегі) атау-сөздерімен таныстыру;

3) педагог нұсқауы бойынша бірнеше заттардың ішінен бір затты табуды және атауды үйрету.

10. Қарапайым жазу дағдыларын дамыту:

1) моншақтарды, дөнгелектерді, түймелерді сымға, жіпке тағуды, тізуді үйрету;

2) пунктир бойынша сызықтарды (түзу, қисайған, ирек) саусағымен, бояумен, қарындашпен, фломастермен ең алдымен ересектің көмегімен, содан соң өзі жүргізуді үйрету;

3) белгілі арақашықтықта орналасқан екі заттың сызықтарын қосуды үйрету;

4) серуендеу кезінде балаларды құмда, қарда, асфальтта сызықтар сызуға ынталандыру.

6-сыныпты аяқтағанда күтілетін нәтижелер

Пәндік нәтижелер.

Білім алушылар:

1) күн тәртібіндегі, заттық-практикалық әрекеттердегі қимыл-қозғалыстарды;

2) сабақ барысында сөйлеу тілін түсінуді біледі деп күтіледі.

Білім алушылар:

1) сызықтарды саусағымен бояу, қаламмен ересекпен бірлесіп өзі сызу;

2) арнайы жаттығуларды орындау барысында сөйлеу тілін түсіну дағдыларын меңгереді деп күтіледі.

Күнтізбелік-тақырыптық жоспар

Оқу, жазу және тіл дамыту
6 «Ә» сынып

Реті	Сағат саны	Сабақтың тақырыптары	Оқудың мақсаттары	Сағат саны	Мерзімі	Ескерту
8 сағат						
1	1	Табиғаттағы өзгерістер	табиғаттағы әр түрлі өзгерістер бақылай алуға, ересектердің әрекеттеріне зейін аудару алуға жағымды көңіл-күйді орнатуды үйрену	1	08.09.22ж	
2	2	Дөңгелектер	-дөңгелек сызықтарды бастырып жазу. -үлгі арқылы жазу.	1	15.09.22ж	
3	3	Дыбыстар	- әр түрлі музыкалық аспаптар мен ойыншықтардың дыбыстырын ажырата білуге, дыбыстардың бағытталуын анықтауды үйретуді жалғастыру	1	22.09.22ж	
4	4	Әртүрлі көлемдер мен пішіндер	-түймелерді жіпке, сымға тағуды және шешуді үйренеді; кішкентай затты үлкен заттың ішінен алуды немесе салуды үйрену	1	29.09.22ж	
5	5	Әртүрлі көлемдер мен пішіндер	-мозаикадан әр түрлі геометриялық фигураларды, әріптерді құрастыруды үйрену	1	06.10.22ж	
6	6	Сызықтар	-түзу сызықты бастырып сызуды үйрену	1	13.10.22ж	
7	7	Күн тәртібі	-күн тәртібіндегі, заттық-практикалық әрекеттердегі қимыл-қозғалыстарды, арнайы жағтығуларды орындау барысында сөйлеу тілін түсінуді үйрену	1	20.10.22ж	
8	8	Есім	-адамдардың есімімен таныстыру. Белгілі есімді нақты бір адамға қарасты айтуды және түсінуді үйрену.	1	27.10.22ж	
8 сағат						
9	1	Қолжетімді қарым-қатынас	-өзінің көңіл-күй жағдайын, ауру сезімдерін, жағымсыз халін ауырып тұрған жерін көрсетіп, ишара, ым-ишара, былдырлау, демеулік шылау (ай, ой, ух) көмегімен айтуды үйрену	1	10.11.22ж	
10	2	Қолжетімді қарым-	-суретте бейнеленген әрекеттерді ишара және дыбыстау	1	17.11.22ж	

	арқылы жеткізе білу. (қай аспаптан қалай дыбыс шығарылады).			
11	3	Дыбыс түрлері	арқылы жеткізе білу. (қай аспаптан қалай дыбыс шығарылады).	
12	4	Ирек сызықтар	-эртүрлі дыбыс шығаратын заттарға қатысты балада ізденіс әрекетін ұйымдастыру.	1 24.11.22ж
13	5	Дыбыс түрлері <i>Б.М.Б</i>	-ирек сызықтарды бастырып сызды, үлгі арқылы өзі сызуды үйрену	1 01.12.22ж
14	6	Артикуляциялық моторика	-өзге бөлмеден келетін, сыныпта, терезеден естілетін дыбыстарды анықтай білуді үйрену	1 08.12.22ж
15	7	Артикуляциялық моторика	-дыбыстарға еліктеу қабілетіне үйрену	1 15.12.22ж
16	8	Үзік сызықтар <i>Б.М.Б</i>	-ерінге, төменгі жаққа, бет ишарасына арналған арнайы жаттығуларды пайдаланып артикуляциялық моториканы дамыту	1 22.12.22
			-үзік сызықтардың жазылу тәртібін көреді, басытырп жазу	1 29.12.22ж
10 сағат				
17	1	Түзу сызықтар	-түзу сызық түрлерімен танысу	1 <i>12.01</i>
18	2	Сөйлеу	-балаларға арналған өлеңдерден жеңіл шумақтарын айтуға үйрену	1 <i>19.01</i>
19	3	Сөйлеу	-ойын, сабақ барысында, тұрмыстық жағдайларда сөйлеу тіліне еліктеуді белсендіруді жалғастыру	1 <i>26.01</i>
20	4	Сөйлеу	- өзінің есімін, басқа балалардың, отбасы мүшелерінің есімдерін, ойын материалы негізінде лексикалық тақырыптары бойынша заттардың (заттық суреттер) атауын айтуды үйрену	1 <i>2.02</i>
21	5	Көкөністер	-нүктеленген суреттерді бастырып сызып, түрлі-түсті қарындашпен тиісті түстерді тандап бояу.	1 <i>9.02</i>
22	6	Тіл мәдениеті	-сөйлеу мәдениетін сақтауды үйренеді. -сөздерді буынға бөліп айту	1 <i>16.02</i>
23	7	Оқу құралдары	Оқу құралдарының атауымен айтып үйрену	1 <i>23.02</i>
24	8	Жиһаздар	Үйдегі жиһаздарды атауымен айтады, салысту	1 <i>2.03</i>
25	9	Киім, Аяқкиім	Қалық, жұқа киімдермен аяқкиімдерді ажырату	1 <i>9.03</i>

26	10	Үй жануарлары	Үй жануарларының атауымен атауды, қалай дыбыстайтынын үйрену	1	16.03
27	10	Үй құстары	Үй құстарының атауымен атауды, қалай дыбыстайтынын үйрену	1	16.03
9 сағат					
28	1	Жабайы құстар	Жабайы құстардың атау сөздерімен танысу	1	30.03
29	2	Қалада, ауылда.	Қала мен ауыл тіршілігін әңгімелеу. Қала мен ауылды салыстыру	1	6.04
30	3	Табиғат құбылыстары	Табиғат құбылыстарын аталуын білу	1	13.04
31	4	Жыл мезгілдері	Жыл мезгілдерін еске түсіріп, суреттеу	1	20.04
32	5	Жыл мезгілдері	Жыл мезгілдерінің йырмашылығын атау.	1	27.04
33	6	Қыс	Қыс айларымен танысу	1	4.05
34	7	Көктем <i>б. м. б</i>	Көктем айларымен танысу	1	11.05
35	8	Жаз	Жаз айларымен танысу	1	18.05
36	9	Күз <i>б. м. б</i>	Күз айларымен танысу	1	25.05